

№1 дәріс, 1 апта, 1 сағат

Тақырып: XX ғ.б. қазақ әдебиетіндегі негізгі бағыттар.

Дәріс мақсаты: XX ғасыр басындағы әдебиеттегі ағым-бағыттардың мәнін түсіндіру.

Бағыт, ағым туралы жалпы түсініктер. Бағыттардың өріс алуына негіз болған қоғамдық-саяси көзқарастар.

Өртүрлі саяси топтардың пайда болуы, осыған орай қазақ зиялыларының жіктелуі. Оның әдеби бағыттар мен ағымдардың қалыптасуына тигізген әсері.

XX ғ.б. негізгі әдеби бағыттар: 1. Діни-ағартушылық бағыт.

2. Ағартушы-демократтық бағыт. 3. Азатшыл-демократтық бағыт.

Бұл бағыттардың нақты айырмашылықтары, ортақ ізденістері. Әр бағыттың негізгі өкілдері, олардың шығармашылық ізденістері мен көзқарастарының басты ерекшеліктері.

Бұл ағымдардан тыс сөз өнерінің саз өнерімен тығыз байланысты болғандығының тамаша көрінісін танытатын ақындар болғаны. Бұлардың ішінде Ә.Найманбаев, Мұса Байжанов, Балуан-Шолақ, Ақансері т.б. шығармашылығына ерекше назар аудару. Олардың шығармашылығындағы әдеби-көркемдік реңктер. Бұл топтағы әнші-ақындар шығармашылығының мән-мағынасы.

Діни-ағартушы бағытындағы ақындар. Бұл бағытта әрқилы ақындар еңбек еткендігі. Творчествосының мазмұны, түрі әрқилы, идеялық көзқарастары саналуан болғанымен, бұл ақындарға ортақ бірнеше басты белгілердің барлығы.

Ағартушы-демократтық бағыттың құрамында қаралатын ақын-жазушылардың XX ғ.б. қазақ әдебиетіне ұланғайыр үлес қосуы. Шын мәніндегі кәсіби (профессионалдык) жазба әдебиет деңгейіне көтеріліп, өмір, қоғам, дәуір сырын кең көлемде сипаттап, терең ашуға ұмтылуы.

Ұлт-азатшыл бағыттағы ақын-жазушылардың шығармашылығының басты тірегі ұлттық мүлде болуы. Негізінде отаршылдыққа қарсы күрес идеясын европалық саяси күрес тәсілімен ұштастырған бұлардың өз шығармашылығында осы ой-идеяның уағыздауы. Ағартушылық, өнер-білім барлығы ең алдымен ұлт азаттығы үшін қызмет етуі керек деген байламды негізге алуы.

Ағым-бағыттардың қазақ әдебиетінің өркендеуіне қосқан үлесі және олардың кейбір кемшін тұстары. Діни-ағартушылар, ағартушы-демократтық ұлт-азатшыл бағыт өкілдерінің ұстанымдар олардың шығармашылығынан қай жанрда болмасын айқын көрініс табатындығы. Бұл бағыттардың көш басшылары М.-Ж. Көпеев, Ш. Құдайбердиев, М. Сералин, С. Торайғыров, А. Байтұрсынов, М. Дулатовтар болғаны. Олардың кейінгі жас толқынға үлгі болар өзіндік мектеп қалыптастырғаны.

Жаңа дәуірдегі әдебиеттің көрнекті өкілдері С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіровтердің қазақ әдебиетіне жаңа ізденістер, жаңа ілеп әкелгендігі.

№2 дәріс, 2 апта, 1 сағат

Тақырып: ХХ ғ.б. әдебиеттегі жанрлық ізденістер

Дәріс мақсаты: ХХ ғасыр басындағы жанрлардың даму үдерісін айқындп, жанрлар ерекшелігін түсіндіру.

ХХ ғ.б. қазақ әдебиетінің жалпы жетістіктері, өсу белестері. Қазақ өлеңінде бұрынғы жалаң өсиеттік, дидактикалық насихаттың азайып, Абайдың өміршең поэзиясы дәстүрлерінің дамуы.

Әдебиеттің эстетикалық құндылықтарының артқандығы. Құрғақ ақылмандықтан гөрі, образдылықпен суреттеудің белең алуы. Өмір шындығын көркемдік шындық деңгейіне көтеру мақсатқа алынып, әлеуметтік мәселелердің тереңірек көтеріле бастауы.

Замана шындығын нақты ашуда көлемді жанрлардың (поэма, ұзақ әңгіме, роман) пайда болуы. Кейбірі жанр табиғатына, көркемдік талапқа сай жазылмаса да, жазба әдебиеттің дамуына елеулі үлес қосқаны ("Мұңлы Мариям", "Қыз көрелік").

Поэзиядағы эпикалық жанрдың белең алуы. Оның Ш. Құдайбердиев, М. Сералин, М. Жұмабаев, С. Торайғыров айтулы шеберлерінің қалыптасуы.

Поэма жанрын С. Сейфуллин. І Жасүгіров сынды жаңа ақындық дарындардың жаңа үлгідегі керемет туындыларды дүниеге келтіруі.

Абай дәстүрін дамыту үшін. Абайтанудың алғашқы қадамдарының жасалуы ("Қазақтың бас ақыны", "Абай", "Абай (Ибраһим) Құнанбаев" т.б.).

Қазақ ауыз әдебиеті, қазақтың жазба әдебиеті жайлы түрлі әдеби-сын мақалалардың жазылуы. Сынның түрлі жанрларының пайда болуы.

Танымдық деңгейі әркілы әдеби-сын мақалалардың қазақ жазба әдебиетінің көкейтесті мәселелерін кетеріп, оның өркендеуіне айтарлықтай үлес қосқаны.

С. Торайғыровтың, М.Сералиннің мақалаларында ("Қазақ кітаптары жайынан", "Шәһнама туралы") әдебиеттің күрделі мәселелері сөз етіліп, әдеби шығарманың табиғатын тануда ілгерлеушілік болғаны.

Сында әдебиеттің идеялық, эстетикалық міндеттерін айқындауға талаптанудың байқалуы ("Әдебиетіміз жайынан", "Роман не нәрсе", "Қалқаман-Мамыр" т.б.).

Қазақ әдебиетіндегі тың жанр драматургияның дүниеге келуі.

Драматургиядағы алғашқы қадамдар (Көлбай Төгісовтің "Надандық құрбаны", Б.Серкебаевтың "Бақсы", "Ғазиза" т.б.).

Алғашқы драматургиялық шығармалардың жетістіктері мен кемшіліктері туралы әркілы пікірлердің баспасөзде жарияланып, пікір алысудың көзге түсуі (С.Сейфуллин "Манап драмасы", "Міржақыптың "Манап драмасы", "Надандық құрбаны" мақалалары).

Жалпы алғанда ХХ ғасырдың басындағы әдебиеттің кейінгі әдебиеттің дамуына жаңа арналар ашқаны. Қазақ әдебиетінің нағыз кәсіптік әдебиет деңгейіне көтерілуіне сол тұстағы ақын-жазушылардың өлшеусіз үлес қосқандығы.

Оның кейінгі қазақтың жаңа әдебиетіне игі әсер еткендігі.

№3 дәріс, 3 апта, 1 сағат

Тақырып: С.Торайғыров- ағартушы ақын.

Дәріс мақсаты: С. Торайғыров шығармашылығындағы ағартушылық идеяның мәнін ашу.

Шығармашылық ғұмырнамасы.

Ақын лирикаларындағы ағартушылық идея. Өлеңдеріндегі әлеуметтік өмір шындығы. Ақын поэзиясындағы суреткерлік. С.Торайғыровтың сезімді тербетер лирикасы, толғамы тоқсан тарау терең ойлары біздің қалыптасқан сана-сезім, түсінік – түйсік шеңберіне сия бер-мейді. Оның бай мұрасын бұрынғы қисындар мен қағидалар негізінде қарастырмайтын, жаңаша пайымдаулар негізінде ғылыми тұрғыда зерделейтін ғылыми еңбектердің жарық көре берері талассыз

Көлемді туындыларындағы көркемдік, жанрлық озық үлгілер. "Қамар сұлу" романының көркем прозадағы жаңашыл шығарма екені. Өмір шындығын суреттеуде, нақты өмірден алынған кейіпкерлер образын сомдауда көркемдік құралдарды тиімді пайдалануы. Ескі мен жаңаның күресін бейнелі беруі. Жаңа заман күрескері ретіндегі Қамар бейнесінің нанымды жасалуы. Ескінің қалдығы жорға Нұрымның бүкіл болмысы жете ашылған сатиралық образ екендігі. Қамардан басқа Ахмет, Қасен сияқты жаңа адамдар бейнесінің ұнамды сипатта көрініс табуы. Омардың ХХ ғ.б. қазақ әдебиетіндегі жаңа бейне екендігі.

"Кім жазықты" романы тұңғыш өлеңмен жазылған роман екені. Романға үш ұрпақ өмірінің арқау болуы, замана өзгерісіне қарай соңғы ұрпақ өкілдері арасындағы тартыстар мен көзқарас қайшылықтары. Әжібай мен әжібайшыларды тудырған замана шындығының ашылуы. Қаладағы өмір арқылы жаңа адамдар (Аппақай, фельдшер Жүсіп т.б.) образының жасалуы. Күнтай образы арқылы жаңа өмір өскіндерінің бейнеленуі. Күнтай мен Әнуар арасындағы махаббат тағдыры. Романдағы әлеуметтік теңсіздік шындығы. "Адасқан өмір", "Кедей" поэмалары. Екі поэманың өзара үндестігі. Бай мен кедей өмірін салыстырмалы бейнелеу арқылы, әлеуметтік теңсіздік арналарының ашылуы. Поэмаларда кедей теңсіздігімен қатар, озбырлыққа деген қарсылық, тендікке ұмтылған отты сезімнің сезілетіні. Поэмаларда әлеуметтік теңсіздіктің қыр-сырына терең бойлау астарын ашу суреткерлікпен шешімін табатыны.

Поэмалардың құрылысы ақынның қоғамға деген көзқарастарына орай икемделіп құрылуы, сюжетсіздігі, шартты кейіпкерлер ой-арманында авторлық пікірдің нысаны етілуі. Поэмалардың көркемдік жетістіктері, тілдік қуаты. Жалпы алғанда, Сұлтанмахмұт Торайғыров поэмалары арқылы өзі өмір сүрген дәуірдің көкейкесті мәселелерін көтеріп, замана, қоғам, адам жайлы толғанысты түйіндер жасап, өрке-ниетті идеяны қозғайтын терең ойлы, жаңа мазмұнды шығармаларды дүниеге әкелді.

С. Торайғыров шығармашылығы ХХ ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті көркемдік деңгейінің биік белесі.

№4 дәріс, 4 апта, 1 сағат

Тақырып: М.Дулатов поэзиясындағы азаттық сарын.

Дәріс мақсаты: М. Дулатов шығармашылығындағы ізденістер мен өзіндік ерекшеліктері айқындау.

Ақын өмірі мен азаматтық ғұмыры.

Ауыл мектебінде оқып, орыс мектептерінде хат тануы. Білімін өз бетімен жетілдіруі. 1904 жылдан күрес жолына араласуы.

Міржақыптың XX ғасыр басындағы тәуелсіздік жолындағы күресі мен қайраткерлігі. Оның «Қазақ» газетін ашу мен оны өркендетудегі еңбегі мен журналистік қызметі.

XX ғасыр басындағы аса ірі азаматтық тұлға екендігі. Міржақып шығармашылығының алғашқы кезеңіндегі еліктеушілік. "Оян қазақ!" ақынның азаматтық тұлғасын танытатын жинақ екендігі.

"Оян қазақ" (1909) жинағының тақырыбының әр алуандығы. Тақырыптар идеялық-көркемдік тұтастыққа біріктіріліп, ақынның азаматтық тұлғасын танытатын туынды жасалғаны.

Жинақтың негізінен саяси-әлеуметтік тақырыпқа жазылып, азаттықты арқау еткені ("Сөз басы", "Қазақ халқының бұрынғы, һәм бүгінгі халі", "Таршылық халіміз хақында", "Сөз ақыры" т.б.).

Міржақыптың "Көзінді аш, оян, қазақ, көтер басты" деген ұранының дәуір сипатын дәл аңғартатындығы. Кітаптың XX ғ.б. қазақ қасіретін, "жер кетті, дін нашарлап, хал һарам боп" деп ашық та айқын жеткізуі.

"Оян қазақ" жинағының қуаты-ұран тастауда екені. Осыған орай, ақынның кейбір көркемдік тәсілдерді назардан тыс қалдыруы. Өлеңдегі шұбалаңқылыққа, тілдің шұбарлануына ұрынатыны.

М.Дулатовтың "Азамат" (1913), "Терме" (1915) жинақтарының ақындық тұрғыдан ілгерілеудің белгісі ретінде танылуы. Мұндағы өлеңдердің терең фолософиялық ой-тұжырымдарға толы болуы, ақындық шеберліктің көзге ұруы ("Шағым", "Арманым", "Сырым", "Мұң", "Жұт" т.б.) М.Дулатовтың аудармашылық тәжірибесі "Гүл", "Айтыс", т.б.).

М.Дулатовтың қазақтың тұңғыш романын жазуы. "Бақытсыз Жамал" романының жанры туралы әрқилы көзқарас болуы. Бостандыққа, теңдікке ұмтылған қазақ қызының тағдыры дәуірдің әлеуметтік шындығымен тығыз байланысты суреттелетіні.

Шығарманың басты кейіпкері Жамал өз тұсындағы қазақ қыздарының типтік бейнесі ретінде көрінуі. Жамалдың қарсыласы ретінде алынған Байжан бейнесі қазақ әдебиетіндегі соны тұлға екені.

Жамал іс-өрекетінде қайсарлық, батылдық басым болуы күрескерлік сипатты танытатыны. "Бақытсыз Жамалдың" тұңғыш роман ретіндегі талапқа сай жазылуы.

М. Дулатовтың әдеби сынға қосқан үлесі. Оның «Абай», «Манап драмасы», «Надандық Құрбаны», т. б. әдеби-сыни мақалаларының қазақ әдебиеттануында алар орны.

№5 дәріс, 5 апта, 1 сағат

Тақырып: Мағжан Жұмабаев шығармашылығындағы идеялық-көркемдік ізденістер

Дәріс мақсаты: М. Жұмабаевтың ақындық әлемі мен шеберлігін айқындау. Ақынның өмірі мен шығармашылық жолы.

М.Жұмабаевтың Абайдан кейінгі қазақтың ұлы ақыны екені. Ұзақ уақыт ақын шығармашылығына біржақты көзқарастың болуы. Мұның басты себебі Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов негізін қалаған азатшыл бағыттан айнымауы болып табылатыны. Европалық білімді мейлінше терең игеруі. 20 жылдардағы әдеби айтыстарда өзіндік бағыт ұстануы. "Алқа" атты ақын-жазушылар ұйымын құру жолындағы бағыт-бағдары. Ұйымның ақын жасаған "Табалдырық" атты бағдарламасындағы ой-пікірлерінің, жазба әдебиетті дамытудағы, жас ақын-жазушыларды тәрбиелеудегі ұсыныстарының мәні.

М.Жұмабаевтың, ең алдымен, сезімнің сыршыл суреткері, лирик ақын екені. Европа әдебиетіндегі ағымдардың ерекшелігін ("символизм", т.б.) қазақ әдебиетіне алғашқылардың бірі болып ендіруі. Әсіресе, бұл өмір, өлім, сезім жайлы лирикалық жырларында кеңінен көрініс табатыны. Ақынның махаббат, сезім тақырыптарына жазылған өлеңдеріндегі суреткерлік шеберлігі ("Сүй, жан сәулем", "Сен-сұлу", "Жұлдызды-жүзік, айды алқа ғып берейін", "Шолпы" т.б.). Ақынның өлеңдері тек құрғақ сезімнен жаралмай, әлеуметтік сарыны басым жырлар да мол кездесетіні.

Поэзиясында азатшылдық идеяның көрініс табуы. Отаршылдық зардабына қарсылықты үн көтеруі. Түркі дүниесінің бірлігіне үндеуі. Ақын лирикасындағы ел тағдыр мен жер тағдыры, дала мен қала өмірінің салыстырмалы шындығы. Өмір мен өлім жайлы толғаныстарының терең философиялық түйіндеулермен берілуі. Өлеңдеріндегі саз, әуез, ырғақтардың келісімді сипат табуы.

Мағжан Жұмабаевтың поэма поэма жанрының дамуына айрықша үлес қосқан ақын екендігі. Ақын поэмалары негізінен азаттық тақырыбына арналып, азатшыл идеяны арқау ететіндігі. Аңыздық сюжеттерді өмір шындығымен тұтастыра жырлауға бейімділігі ("Қойлыбайдың қобызы", "Қорқыт" т.б.). Поэмаларында тарихи тақырыпты терең игеруі ("Батыр Баян", "Оқжетпестің қиясында", «Ертегі»).

"Батыр Баян" поэмасында халық трагедиясының жеке бас трагедиясынан жоғары қойылуының мәні. Отандық патриотизмнің жан-дүние, ішкі сезіммен ұштаса жырлануы. «Оқжетпестің қиясында» поэмасындағы азаттық идеяның көрініс табуы. Кенесары бейнесінің сомдалу ерекшелігі. «Ертегі» поэмасындағы аңыз бен шындықтың астасуы, ақын қиялының көркемдік шешімдегі орны. Сыздықтың азаттық жолындағы күрескер ретіндегі бейнесінің толыққанды сомдалуы.

Жалпы М.Жұмабаев шығармашылығының қазақ әдебиеті тарихында алар орны.

№6 дәріс, 6 апта, 1 сағат

Тақырып: Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ әдебиеті. Әдеби дамуға төтенше жағдайдың әсері. Жанрлар жүйесіндегі өзгерістер. Публицистика және проза. 6 практикалық (зертханалық) сабақ.

Проза жанры және Б.Бұлқышевтің публицистикасы

Ұлы Отан Соғысы жылдарындағы қазақ әдебиеті дамуының басты бағыттары мен ерекшеліктері. Соғыс және әдебиет тақырыбындағы тарихи, теориялық зерттеулер.

Орыс және ТМД халықтары әдебиетдегі соғыс тақырыбы.

Қаламгерлердің майданға аттануы және олардың шығармашылық жоспарларындағы өзгерістер.

М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсрепов, Ғ.Мұстафин, А.Тоқмағанбетов, Ә.Сәрсенбаев, Т.Жароков, Қ.Аманжолов т.б. шығармашылықтарындағы Отан қорғау тақырыбы және олардың әдеби процеске араласуы.

Әдебиеттің басты тақырыптары: Отан қорғауға, майданға шақыру. Ерлік туралы толғамдар және жаңа батырлар бейнесі. Жау кім, мақсаты қандай — мәлімет және көркем бейне. Бәрі де майдан үшін. Майдандық газеттер беттеріндегі және "жауынгер кітапшаларындағы" шығармалар.

Әдеби жанрлардың әдеби процестегі ара салмағы мен орындарының өзгеруі. Поэзия жанры мен публицистиканың жедел дамуы, олардың бейнелеу жүйесіндегі пафос.

Соғыс шындығын бейнелеудің түрлі кезеңдері және басты ерекшеліктері. Майдан шындығын хабарлау мен баяндаудың, суреттеу мен сипаттаудың, түсіндіру мен талдаудың түрлі сипаттары.

Майдангер қаламгерлер шығармашылығы мен тылдағы жазушылар жиі қолдана бастаған жанрлар.

Солдат тіршілігінің көріністері мен өмір туралы ойларын, арман, сағыныштарын бейнелейтін шығармалардың көбейе бастауы. Батырлар бейнесін жасау.

Соғыс шындығын бейнелеудегі түрлі жанрларда кездесетін басты қиындықтары. Отан қорғауға шақыру мен Жеңіс тақырыбы арасындағы өзгерістер әуенінің көркем бейнелері.

Ұлы Отан Соғысы жылдарындағы проза жанрына әсер еткен негізгі жағдайлар және жанрдың ішкі түрлерінің даму жолдары мен ерекшеліктері. Публицистика және публицистикалық пафостың көркем шығармалардың көркемдік жүйесіне өтуі, әсері. М.Әуезов пен С.Мұқановтың, Ғ.Мүсрепов пен Ғ. Мұстафин, Ә.Тәжібаев пен Ә.Сәрсенбаев т.б. шығармалары.

1941-1945 жылдардағы замана шындығын, қиын-қыстау жылдар ахуалын бейнелейтін көркем очерктер мен деректі және көркем әңгімелер. Көлемді шығармалардың керіне бастауы. Повестер, романдар.

Н.Әбдіров, Т.Тоқғаров, М.Ғабдуллин, Б.Момышұлы, М.Мәметова т.б. батырлар бейнесін жасауға бағытталған ізденістер.

Б.Бұлқышевтің шығармашылығы. Публицистикалық мақалалары мен көркем шығармалары.

Ғ.Мүсреповтің Ана туралы әңгімелері мен көркем очерктеріндегі соғыс тақырыбын бейнелеудің ерекшеліктері. "Ақиықтар" очерктері.

Повесть жанрының дамуы. Ә.Әбішевтің, Ғ.Мұстафиннің шығармалары.
Соғыс жылдарындағы жарық көрген романдар.

С.Мұқанов "Менің мектептерім", "Балуан Шолақ", "Біздің заманымыздың батырлары", М.Әуезов "Абай", Ғ.Мұстафин "Өмір не өлім", "Шығанақ", Ғ.Мүсрепов "Қазақ батыры", Ә.Әбішев "Жас түлектер", Ғ.Сланов "Жанар тау" т.б.

Соғыс жылдарындағы проза жанрының зерттелуі.

№7 дәріс, 7 апта, 1 сағат

Тақырып: Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ поэзиясы. Жазба ақындар және халық поэзиясы

Ұлы отан соғысы жылдарындағы қазақ поэзиясы — әдебиетіміздің жетекші жанры. Сұрапыл жылдар мен қаһарман халық рухын танытуда, суреттеуде поэзияның бейнелеу құралдары әдебиетімізге айтарлықтай ықпал жасады. Қазақ поэзиясы соғыс жылдары алға қойған барша ауыр мәселеге, басты тақырыптарға үн қосты. Жамбылдың "Ленинградтық өренім", Қ.Аманжоловтың "Ақын өлімі туралы аңыз", Ә.Сәрсенбаевтың "Ақдіа бұлт" т.б. майдан жырларының әсері.

Лириканың дамуы мен оның ішкі түрлері. Ән, хат өлендері мен түрлі арнау, толғау, сюжетті өлең, өлең очерктер. Ғ.Орманов, Ә.Тәжібаевтың шығармалары.

Баллада жанрының дамуы. Қ.Жармағанбетовтың шығармалары.

Соғыс жылдарындағы поэмалар. Тақырыптық-идеялық ізденістер жаумен шайқастағы жауынгер ерлігін мадақтауға бағытталды: Қ.Бекхожин "Жиырма сегіз" (1942), Ә.Сәрсенбаев "Шие ағашы" (1943), Т.Жароков "Зоя туралы жыр" (1944), Д.Әбілов "Москва түбінде", "Майданбек" т.б. Қ.Аманжоловтың "Ақын өлімі туралы аңыз" поэмаларының жанрдың дамуына әсері.

А.Жұмағалиевтің шығармашылығы және соғыс кезіндегі жырлары.

Ж.Саиннің шығармашылығы және партизан жырлары "Жалынып қана сөз айтпа", "Алтын сөз", т.б.

Ә.Сәрсенбаевтың шығармашылығы және майдан жырлары.

Ұлы Отан Соғысы жылдарындағы қазақ поэзиясы бейнелеу құралдарының дамуына халық поэзиясы өрнектерінің әсері.

Соғыс жылдарындағы қазақ поэзиясы туралы зерттеулер.

№8 дәріс, 8 апта, 1 сағат

Тақырып: Соғыс жылдарындағы халық поэзиясы, драматургия және әдебиеттану

Соғыс жылдарындағы халық поэзиясы дамуының басты ерекшелігі. Майдан, ерлік, Отан қорғау тақырыптарын жырлауда халық поэзиясы қолданған бейнелеу құралдары, оның профессионалдық поэзияға ықпалы. Халық поэзиясы көркемдік жүйесіндегі өзгерістер, профессионалдық поэзия әдіс-тәсілдерін қолдану.

Ж.Жабаев, Н.Байғанин, Ш.Қошқарбаев, Н.Бекежанов, И.Байзақов, К.Әзірбаев, Ә.Сариев, О.Тайманов, Қ.Жапсарбаев, Қ.Айнабеков, Т.Көбдіков, О.Шипин, И.Манкин т.б. шығармалары.

Жамбыл шығармаларының Ұлы Отан Соғысы жылдарындағы қазақ поэзиясына әсері. Өзге тілдерге аударылуы.

Н.Байғанин жырларындағы Отан қорғау, батырлық тақырыбы және оның шығармашылығы.

Осы жылдардағы поэма жанрының дамуындағы халық ақындары шығармаларының орны. Майдандағы тарихи уақиғалар мен нақты адамдар өмірінің көркемдік шешімі. Ұлы Отан соғысының батырларының бейнесі.

Н.Байғанин "Ер туралы жыр", "Жиырма бес", Қ.Жапсарбаев "Сеңгірбаев Мұсабек", Н.Баймұратов "Ер Төлеген", Ә.Сариев "Гастелло" т.б. поэмалар.

Халық ақындары дастандарындағы дәстүрлі халық поэзиясының бейнелеу құралдары мен профессионалдық өдебиеттің реалистік әдіс-тәсілдерінің қолданылуы. Басты қаһармандардың өмірбаяндық мөлiметтерiн баяндау, соғыс көріністерінің хронологиялық белгілерін пайдалану. Батырлық — тек қана ата-баба рухымен байланысты емес, ол қарапайым адамдар ерлігі.

Майдандағы қазақ жауынгерлерінің ерлігі — батырлық пен ерлікті қастерлеген халық рухының көркем көрінісі.

Ұлы Отан Соғысы кезіндегі халық поэзиясының зерттелуі.

Драматургия жанрының дамуына ықпал еткен жағдайлар. Қалалар мен үлкен елді мекендердегі кәсіби және халық театрларының жабылуы. Артистер мен талантты жастардың майданға аттануы.

Жау басып алған аудандарда қалған үлкен қалалардың ірі театр труппаларының (Москва, Ленинград, Киев, Минск т.б.) Қазақстан қалаларына эвакуацияға келуі. Олардың жергілікті театр труппаларының шеберлігін дамытудағы әсері. Түрлі шығармашылық көмек көрсетуі.

Бір актілі пьесалар және олардың басты тақырыптары.

Майдан, соғыс шындығын сахнада бейнелеудің қиындығы. М.Әуезовтің "Сын сағатта" пьесасының жазылуы және сахнаға қойылуы. "Намыс гвардиясы" (Ә.Әбішевпен бірге), "Қынаптан қылыш" (Ғ.Мүсреповпен бірге) пьесалары. Б.Намысұлы бейнесін жасау.

Ғ.Мүсрепов "Ақан сері - Ақтоқты" пьесасының сахнаға қойылуы және қоғамдық санаға әсері.

Аударма пьесалар мен классиканың қойылымдары.

Соғыс жылдарындағы әдебиеттану және әдеби сын.

Қазақ әдебиеті мен фольклор проблемаларын зерттеудің жалғасуы.

Эвакуацияға келген орыс ғалымдарының қазақ әдебиетіне назар аударуы.

Академик А.Орловтың "Қазақтың батырлық эпосы" аталған зерттеуінің маңызы.

Абайдың 100 жылдығын атап өту шаралары: Абай шығармашылығы туралы мақала, зерттеулердің теориялық және тарихи маңызы.

С.Мұқановтың "Қазақтың ХҮІІІ-ХІХ ғасырдағы әдебиеті тарихының очерктері" атты кітабы және Айтыс жанры туралы ой-пікірлері.

Соғыс жылдары орта мектепке арналған әдебиет оқулықтарының жарық көруі.

А.Жұбановтың "Қазақ композиторларының өмірі мен творчествосы" атты монографиясының маңызы.

Қазақ әдебиетінің келелі мәселелері туралы салмақты мақалалардың жарық көруі.

Ұлы Отан Соғысы жылдарындағы драматургия мен әдебиеттанудың зерттелу жайы, проблемалары.

№9 дәріс, 9 апта, 1 сағат

Тақырып: Ж.Жабаевтың өмірі мен шығармашылығы

Жамбылдың өмірбаяны және шығармашылық жолдарының ірі кезеңдері мен асулары.

Ақын шығармашылығын зерттеудің турлі сатылары, негізгі зерттеушілері.

Жамбыл өмірбаяны мен шығармашылығына қазіргі көзқарас.

Жамбылдың жастық шақ жырлары. Поэтикасы.

Жамбылдың айтыстары және оның ерекшеліктері.

Жамбылдың дастандары. Тарихи, әдеби деректер және көркемдік шешім.

Жамбылдың саяси-идеялық көзқарасы және Жамбыл жырларының негізгі тақырыптары. Ақын көп қолданған өлең, жыр, толғау өрімдері. Жамбыл жырлары туралы замандастарының, ақындарының пікірлері.

Жамбыл жырларының аударылуы. Бағалануы.

Жамбыл Жабаевтың айтыстары.

Жамбылдың айтыстағы өнері және айтыстары туралы замандастарының, халық ақындарының, зерттеушілердің пікірлері.

Жамбылдың айтыстары: Жамбыл - Құлманбет, Жамбыл - Сарыбас, Жамбыл - Шашубай, Жамбыл — Досмағанбет.

Жамбыл айтыстарының саяси-әлеуметтік, эстетикалық мәні, қоғамдық ролі.

Жамбылдың айтыстағы өнері.

Жамбыл айтыстарының құрылымы, бейнелеу құралдары, тілі.

Жамбыл айтыстарындағы заман сипаты және замандастар келбеті.

Жамбыл айтыстарының өзге тілдерге аударылу, зерттелу тарихы.

Проблемалары.

Ж.Жабаевтың дастандары.

Жамбыл дастандарының туу, жазылу, жариялау, зерттелу тарихы. Басты тақырыбы мен идеялық мазмұны.

"Сұраншы батыр" дастанындағы тарихи шындық және фольклорлық мотивтер. Дастанның композициясы, құрылымы.

"Өтеген батыр" дастанының тақырыптық аясы, идеялық мақсаты. Дастандағы фольклорлық мотивтердің атқаратын көркемдік қызметі. Өтеген образын

жасауда Жамбыл қолданған дәстүрлі поэзия, ауыз әдебиетін бейнелеу құралдары мен жаңа әдебиет өрнектері.

"Ворошилов" поэмасы. Өмір шындығы және халық гүззиясы поэтикасының қарым-қатынасы.

№10 дәріс, 10 апта, 1 сағат

Тақырып: Қ.Аманжоловтың өмірі мен шығармашылығы

Қ.Аманжолов өткен өмір мектептері. Ақынның алғашқы шығармаларының басты тақырыптары мен негізгі идеялары.

Қасым шығармашылығының түрлі салалары, өзгеру, өсу сатылары.

Қ.Аманжоловтың Ұлы Отан соғысы жылдарындағы шығармалары: майдан жырларындағы соғыс және солдат өмірінің шындығы. Замана шындығы және солдат психологиясының бейнеленуі.

Ақын шығармашылығының кемелдену жылдары және сынға ұшырау себептері.

Қасым Аманжоловтың өлеңдері.

Қасым Аманжоловтың алғашқы өлеңдеріндегі дәстүрлі поэзия үлгілері және ақынның шығармашылық ізденістері.

Қ.Аманжолов поэзиясының жанрлық жүйесі және басты салалары.

Ақын өлеңдерінің басты тақырыптары, идеялары.

Қасым өлеңдерінің өрнектері, өрімдері, тармақ, шумақ, ұйқастар.

Қазақ өлеңіне Қасым қосқан жаңа өлшемдер.

Қ.Аманжолов поэзиясының поэтикасы. Жиналуы, жариялануы, зерттелуі.

Қасымтану және оның басты проблемалары.

Қ.Аманжоловтың поэма, дастан, аудармалары.

Ақынның поэма, дастандарының басты тақырыптары мен негізгі идеялары.

Алғашқы поэмаларының құрылымы мен көркемдігі.

"Бикеш" поэмасының тақырыптық, идеялық мазмұны. "Ақын өлімі туралы аңыз" поэмасы және оның әдеби сында бағалануы, поэманың құрылымдық, көркемдік ерекшеліктері.

"Біздің дастан" — дастаны. Ақынның басты идеясы мен көркемдік ізденістері. Поэманың жазылу, жариялану тарихы.

Қ.Аманжоловтың басқа да поэма дастандары.

Қасым — аудармашы.

Қаламгер лабораториясы.

Қ.Аманжолов шығармашылығының зерттелу, жиналу, жариялануы.

Проблемалары.

№11 дәріс, 11 апта, 1 сағат

Тақырып: 1960-2000 жылдардағы қазақ әдебиеті, оның даму ерекшелігі

Қазіргі қазақ әдебиетін замана өзгерістеріне сәйкес дәуірлеу принциптері.

Көзқарас. Зерттеулер.

1960-2000 жылдардағы тарихи-әлеуметтік жағдайлардың әдебиетке әсер-ықпалы. Қазақ әдебиетіндегі тақырып, жанр мәселесінің даму ерекшеліктері. Шығармашылық ізденістер сипаты. Орыс және әлемдік әдебиетпен байланысы. Қазақ әдебиетіндегі ұлттық характер сомдау проблемасы, әлемдік өркениет және қазақ әдебиеті. Қазіргі әдебиеттегі адам және табиғат мәселесі.

Бұл дәуірдің бірталай тәуір шығармалары қазақ халқы бастан кешкен тарихи кезеңдердің шындығын ондағы тарихи қайраткерлердің тұлғасын танытуға арналды. Халықтың азаттық жолындағы күресі, жаңа өмір үшін талас бұл шығармалардың негізгі өзегі болып табылады. Бұл салада Ғ.Мұстафиннің, С.Мұқановтың, Х. Есенжановтың, Ә.Нұрпейісовтің, Ш.Мұртазаның, І.Есенберлиннің, Ә.Кекілбаевтың, М.Мағауиннің, Қ.Жұмаділовтің т.б. жазушылардың шығармаларының атап айтарлық маңызы зор.

Ұлт әдебиетінің даму арналары. Көркемдік-стильдік ерекшеліктері. Көзқарастар. Зерттеулер.

Кеңес әдебиетінің сөз ететін тақырыптары, бейнелейтін кейіпкерлері, творчестволық әдіс-тәсілі мүлде жаңа, кеңес әдебиеті озық идеялы, түрі – ұлттық, мазмұны – социалистік айбынды әдебиет.

Кеңес әдебиеті социалистік болмысты суреттейді; кеңес халқының жаңа, коммунистік қоғам орнату жолындағы қажырлы күресін жырлайды; кеңес әдебиеті Отанымыздың, кеңес халқының бұрынғы, бүгінгі, болашақтағы тұрмыс-тіршілігін, қабармандық іс-әрекетін, ізгі тілек-арманын бейнелейді.

Кеңес әдебиеті еліміздің қарапайым еңбек адамдары арқылы, солардың тұрмысын, ісін, күресін, ой-сезімін көрсету арқылы бейнелейді.

Кеңес әдебиетінің жаңа сипаттары оның тәсілінен, болмысты бейнелеу, көрсету, әдісінен айқын аңғарылады. Кеңес әдебиеті мен кеңес көркем өнерінің негізгі әдісі - социалистік реализм.

Бұл кезеңдегі әдеби бағыттар, реализм үлгілері - сөз өнерінің барлық жанрларынан көрініс тапты.

Зерттеулер, көзқарастар.

№12 дәріс, 12 апта, 1 сағат

Тақырып: 1960-2000 жылдар әдебиетіндегі проза дамуының бағыттары

Алпысыншы жылдары прозаның роман, повесть, әңгіме жанрлары көркем сөз өнерінің өзге жанрларымен шығармалық бәсекеге түсіп, қоғам мен адам өмірінің қилы-қилы құбылыстарын әрі көкейкесті мәселелерін кең ауқымда қамтып, әдебиеттің жетекші саласына айналды. Прозаны алғы шепке шығарған Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы, Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі», «Сырдария», Ғабит Мүсіреповтың «Қазақ солдаты», «Оянған

өлке», Ғабиден Мұстафиннің «Шығанақ», «Миллионер», «Қарағанды» романдары еді. Елуінші-алпысыншы жылдары Хамза Есенжанов, Зейін Шашкин, Ғабдол Сланов, Тахауи Ахтанов, Әбдіжәміл Нұрпейісов, басқа да бір талай жазушылар үлкен прозаға өз үлестерін қосты.

Алпысыншы жылдары Мұхтар Әуезовтің «Өскен өркен» романы жарық көрді. Бірақ бұл түгел бітпеген роман еді, жазушы тек алғашқы бөлімі ғана жарияланды.

Проза жанрында еңбек етуші басқа қаламгерлер өз шама-шарқынша прозаның бұған дейін көтерілген биігін аласартпау, идеялық-көркемдік ізденістерін әлсіретпеу бағытында батыл әрекет етті, партия айтқандай, бүгінгі күн тақырыбың мол көтеруге ат салысты.

Тоталитарлық құрсау қос өкпелерінен қысып, емін-еркін дем ал-дырмай, шығарманы өнердің дәстүрлі үрдісі тұрғысында емес, тек социалистік реализмнің әбден саясаттандырылған, қатып қалған ережелеріне лайықтап жазу талабы әлі де болса үстемдік, өктемдік құрып тұрған. Дегенмен, сын көзімен қарап, ойлай білетін қаламгерлер қазақ дейтін байырғы елдің өткен тарихи көркем шежіресін жасауға ұмтылғанды.

Проза дамуының кейбір бағыттары. Әлеуметтік-философиялық, психологиялық, публицистикалық, лирикалық, хроникалық, биографиялық, документальды проза түрлері. Прозаны бұлайша топтастырудың шарттылығы.

Алпысыншы жылдар прозасының тақырыптық жанрлық сипатының даму, өркендеу ерекшелігі. Роман жанрының дамуы. Тарихи тақырыптың белең алу көріністері. Оған ықпал еткен саяси-әлеуметтік жағдайлар.

Қазақ повесі. Әңгіме жанрының даму ерекшеліктері. Прозадағы замана шындығын көрсету проблемасы. Замандас бейнесі мәселесі.

Прозадағы тақырыптық, идеялық, сюжеттік, композициялық жаңалықтар. Алпысыншы жылдардан кейінгі прозадағы ұлттық мінез сомдаудағы ерекшеліктер.

Күрделі жанр сипаты. Өмір-уақыт сырлары. Адам мен оның еңбегінің көрінуі. Образ жасау жолдары.

Адам мұраты мен тағдыры. Кезең көріністері. Руханият бедері.

Қазақ прозасының даму бағдары. Қазақ қаламгерлерінің ізденістері.

М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Ә.Нұрпейісов, Х.Есенжанов, І.Есенберлин, З.Шашкин, С.Жүнісов, Т.Ахтанов, Д.Әбілов, Б.Момышұлы, Қ.Қайсенов, Ә.Шәріпов, Б.Соқпақбаев, С.Мұратбеков, С.Шаймерденов, Б.Нұржекеев, М.Мағауин, Қ.Жұмаділов, О.Бөкей, Д.Исабеков, Т.Нұртазин, Т.Нұрмағанбетов, Т.Әбдіков, т.б. басты еңбектері, көркемдік жүйесі. Ондағы адам әлемі, кейіпкер бейнесі, ар-ождан тазалығы. Дәуір күресі мен тартысы, өмір ағымы. Уақыт бедері.

Қазақ қаламгерлері түрлі жанрда ізденістер жасап, көркемдік-идеялық мәселелерге бет бұрды. Жанрға жауапкершілік артты.

Ұлтымыздың ақын-жазушылары уақыт талап еткен тақырыптарды жан-жақты меңгерді.

Ақындардың өлең өнерінде қоғам, адам, уақыт көріністері кең орын алды.

Жазушылар шығармашылығында өмір шындықтары, адам әлемінің иірімдері кеңінен көрінді.

Негізінен, бұл кезеңдегі туындылардан - адам мен оның еңбегіне, іс-әрекеттеріне терең үңілу байқалды.

60-90 жылдардағы балалар әдебиеті.

Зерттеулер, көзқарастар.

№13 дәріс, 13 апта, 1 сағат

Тақырып: 1960-2000 жылдар әдебиетіндегі тарихи тақырыптың игерілуі

XV ғасырда дербес хандық санатында шаңырақ көтерген жұртымыздың сырт жаудан, іштен шалған дұшпаннан көрген құқайы көп болған. «суға баты, отқа да жанды, бірақ тірі қалды, құрып кетпеді». Бір І.Есенберлин емес, С.Сматаевтың «Елім-ай (1978-1980), М.Мағауиннің «Аласапыран» (1981-1983), Ә.Әлімжановтың «Жазушы» (1974), Қ.Салғариннің «Алтын тамыр» (1986), Б.Алдамжаровтың «Ұлы сел» (1988), т.б. романдарында да сол XV-XIX ғасырлар аралығындағы халық тарихының нәубеті мен аласапыраны алмасып келген, қанды топалаңдарға толы ащы, кермек көз жасымен шұбарланған беттері ашылады. Роман авторлары көзбен көріп, құлақпен естігендей, бірінің олқысын бірі толтырып, бірінде қамтылғанға екіншісі басқа қырынан қарап, халық тағдырының төрт ғасырлық ең ауыр, қасіреті қалың кезеңінің шиырлы, шынайы көркем тарихын жасайды. Бұлардың кейбірі әдеби сында орныққан екіұшты пікірдегідей, Қазақстанның Ресейге «өз еркімен қосылуының» 250 жылдығына арналып жазыла бермеген. Тоталитарлық жүйенің берген «тапсырысын» малданып, шабытына жол ашқанмен, шындығында жазушы көкейін жайлаған ой мен арман өз дегеніне бұрған. Жоғарыда аталған туындыларды байыппен зерделеп оқысаңыз, «намыстан жаралған қаһарман халықтың тағдырдың тезінен, тозақтың өзінен өте» отырып, азаттықты, тәуелсіздікті еңсап, еркіндік үшін соңғы демі біткенше айқасудан жүрегі шайлықпаған қыран жұрт болғанын іс-әрекеттерімен дәлелдеп беруді перзенттік парызы санаған жауапкершілікті сезінеміз.

1. І.Есенберлиннің "Көшпенділер" трилогиясының жазылуы. ұлт-азаттық идеясын көркем шығармадағы тарихи тақырып арқылы ояту мәселесі. "Алмас қылыш", "Жанталас", "Қабар" романдарының қоғамдық-ұлттық маңызы.

2. С.Сматаевтың "Елім-ай", Ә.Әлімжановтың "Жазушы", М.Мағауиннің "Аласапыран", Қ.Жұмаділовтің "Соңғы көш", "Дарабоз" романдарының тарихи-қоғамдық мәні мен маңызы. Көркемдік идеялық табыстары. Ә.Кекілбаев «Үркер», «Елең-алаң», Ә.Әлімжанов, С.Сматаевтардың романдарыда қазақ халқы бастан кешкен азап, заман ауыртпалығының ел тағдыры арқылы тарамлай қамтып, тарата бейнелеу орын алған.

М.Мағауиннің романында қазақтың қазақ аталып, этникалық тұтастығын,

экономикалық саяси тәуелсіздігін сақтап қалу үшін күрескен Тәуекел ханның заманың суреттейді.

Ел мұратын, жер тағдырын, халық батырларын суреттеудегі ізденіс, көркемдік арналары.

Ш. Мұртазаның "Қызыл жебе" романындағы тарихи және көркемдік шешім. Зерттеулер. Көзқарастар.

№14 дәріс, 14 апта, 1 сағат

Тақырып: Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиеті, оның даму ерекшелігі

XX ғасырдың соңындағы адамның ішкі дүниесі және оның қазіргі әдебиеттегі көрінісі. XX ғасырдың соңындағы әдебиетте адамның рухани ізденістері. Индустриалдық кезеңнен кейінгі қоғамның проблемалары және қазіргі заманғы адам. Тоталитарлық режимді қирату және нарықтық қатынастарды құру кезеңіндегі қазақ әдебиетіндегі адам бейнесі. Жаңа технологиялардың адамның ішкі дүниесіне әсері. Экологиялық дағдарыс және адам. Жеке адамның жат болу проблемасы және әдебиеттегі дәстүрлі қатынастарды өзгерту. Адамның ой-түсінігіндегі дәстүрлі құндылықтардың ренессансы. Батыс және шығыс арасындағы мәдени бағдарларды таңдау проблемасы. XX ғасырдың соңындағы қазақ әдебиетіндегі жеке бастың адамгершілік ізденістері. XX ғасырдың соңындағы философиялық ілімдер және қазіргі әдебиеттің идеялық базасы.

XX ғасырдың соңындағы алдыңғы қатарлы қазақ жазушыларының идеялық ізденістері. Сөз шеберлерінің түпкі тамырларға және дәстүрлерге оралуының жаңа эстетикалық базасында тарихтың, мифологияның және романтизмнің қайта өркендеуі. XX ғасырдың 90-жылдарындағы қазақ әдебиетінде 30-жылдардағы сталиндік репрессия мен жаппай ашаршылық тақырыбы. әдебиетте тоталитарлық идеяны теріске шығару. әдебиетте стильдік меже орнату. қазіргі қазақ әдебиетіне модернизм және постмодернизм философиясының әсері. қазіргі заманғы адамның рухани әлемінің тұтастығы және бөліну проблемасы. қазіргі ұлттық әдебиетте рухани және философиялық стратегияларды іздеу. әдебиеттегі діни ренессанс негізінде неореализм және неомифологизмнің қайта дамуы. Мифологиялық реализмнің дамуы, оның философиялық негіздері.

XX ғасыр соңындағы адамның ішкі әлемі және оның қазіргі кездегі әдебиеттегі көрінісі. 20 ғасырдың аяғында адамның ішкі әлемі тарқап, біршама қиындай түсті және идеологиялық догмалардың тәртібіне қызмет істеуін сиретті. Адамдарды діни, мифологиялық, рәсімдік және салттық, дәстүрлі өнермен, халықтық философиямен байланыстағы дәстүрлі этностың рухани құндылықтары қызықтыра бастады. Бір мезетте Батыстың рухани және технологиялық әсері күшейіп, жаһандану дәуірі басталды. Интернет және оның барлық инфрақұрылымдары пайда болды. Осындай қиын онтологиялық ахуал қазіргі біздің қоғамыздағы адам жанына жаңа

тартыстар мен қарама-қайшылықтар туғызып, ол тек философтардың, мәдениеттанушылардың, сыншылардың, саясаткерлердің және журналистердің ғана полемикасына әсер етпей жеке адам тұлғасына да әсер етіп, ХХ ғасыр аяғындағы әдебиетте көрініс тапты.

ХХ ғасыр соңындағы әдебиеттегі адамның рухани ізденісі. Бұл жерде біз шындық іздеген әр қилы адам келбетін кездестіреміз. Мәселен, зәру мәселе «жоғалған ұрпақ», сондай-ақ қарқынды түрде дамыған образ «адамның түп-тамыры», және рухани ізденістерге шыққан жолаушылар образы. Қоғамның және қазіргі кездегі адамның постиндустриалдық мәселелері. Тоталитарлық режимнің және нарықтық қатынастың құрылу кезеңіндегі қазақ әдебиетіндегі адам бейнесі. Жаңа технологияның адамның ішкі әлеміне әсері. Экологиялық дағдарыс және адам. 20 ғасыр соң. қазақ әдебиетіндегі адамгершілік мәселесінің қарастырылуы. 20 ғасыр соң. философиялық ғылым және қазіргі әдебиеттің идеялық базасы.

№15 дәріс, 15 апта, 1 сағат

Тақырып: Тәуелсіздіктің тарихи идеясы және тәуелсіздік жылдардағы қазақ поэзиясының даму үрдісі

Мағжан Жұмабаев орыс модернизмінен бірқатар принциптер мен категорияларды алғанымен ол бірқатар позицияда оған сынай қарады. Атап айтқанда, ол орыс әдебиетіндегі «Күміс ғасырда» кең дамыған декаданспен келісе алмады. Оның З.Гиппиуспен және Мережковскиймен полемикалық қарым-қатынасы белгілі. Бұл полемика әсіресе «Пайғамбар» өлеңінде айқын көрінеді. Осы өлеңді талдау қазақ ақынының Шығыстан мессиялық күтуден аулақ болмағанын көрсетеді. Ол Шпенглерден кейін Батысты құлдырау мен деструкция күтеді деп санады, сондықтан да адамзатты тек жаңа пайғамбар ғана құтқара алады деп санады. Бұл жаңа құдыретті пайғамбар Шығыстан келеді. Модернистік психоталдау мен діни экзистенция оның «Шолпанның күнәсі» әңгімесінде көрініс тапты. Бұл әңгіме 20-ғасырдың басындағы қазақ прозасындағы ерекше құбылыс. Сол тұстағы көпшілік шығармалары секілді бұл әңгімеде басты мәселе әлеуметтік проблемада емес, кейіпкердің экзистенциалдық жан күйзелісінде – болмыстың иррационалдық және феноменалдық аспектілерінде жатыр. Адам өмірінің феноменальдылығы «Шолпанның күнәсі» әңгімесінде экзистенциалдық проблема ретінде. Осы әңгімеде құдай мен сайтан тақырыбы маңызды орын алады, яғни бұл мәні бойынша – «болу не бордай тозу» - таңдау проблемасының көркемдік шешімі. Шолпанның – әңгіме кейіпкерінің көзінің ашылуы өлім сағаты соққанда ғана болады. «Домбыра» әңгімесіндегі әдемілік пен өлім тақырыбы – экспрессивтік миниатюра. Мағжан лирикасындағы өлім тақырыбы және оның философиялық мәні. Мағжан Жұмабаев поэзиясының экспрессивтілігі. Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы негізгі символдар.

Дәуір үні және жаңа қазақ поэзиясындағы тақырып жаңаруы. Эпикалық поэзиядағы тарихи тақырыптың көкейкестілігі (М.Шахановтың поэмалары).

Өлең нысаны саласындағы жаңа лирикалық ырғақтар мен ізденістер (Е.Раушановтың поэзиясы). қазіргі қазақ лирикасындағы медитативтік және ассоциативтік нысандар. М. Мақатаев және Ж. Нәжімеденов шығармашылығының мәні. Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін құру кезеңіндегі азаматтық-патриоттық лириканы дамыту. XX ғасырдың 90-жылдар кезеңіндегі Т. Молдағалиевтің поэзиясы.